

Қаражан Қ.С.¹ Хасанаева Л.М.² Уразбаева А.М.³

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E-mail: karazhankaznu@gmail.com*

²*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E-mail: leila.maralovna@gmail.com*

³*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E-mail: akzhamal.m@gmail.com*

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰН МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бүгінгі таңдағы қоғамдық ғылымдағы әдет-ғұрыптағы құн мәселесі тарихи құқықтық түрлерінің негізі ретінде өзіндік ерекше және мәдени өркениеттік құбылыс ретінде танылған. Дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамындағы құқықтың нысаны ретінде әдет-ғұрып құқығы халықаралық құқықтық қатынастарда жария сипатта қолданылғандығын атап көрсетуге болады. Әдет - ғұрып құқығында құн мәселесін зерттеу тарихи танымдық маңызға ие болуда. Мәселенің зерттелу барысында дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығындағы құнға қатысты теориялық бағыттарына қатысты түрлі көзқарастар қалыптасты.

Мақала жазу барысында, қазақ мемлекеттілігінің орнығуында ерекше орын алатын дәстүрлі құқық институттарының қоғамдағы негізгі құн мәселесін зерттеудің негізгі бағыттары талданды.

Кілт сөздер: көшпелі қоғам, құқық институты, құн, әдет-ғұрып.

Karazhan K.S.¹ Khassanayeva L.M.² Urazbayeva A.M.

¹*al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: karazhankaznu@gmail.com*

²*al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: leila.maralovna@gmail.com*
Republic of Kazakhstan, Almaty, E-mail: akzhamal.m@gmail.com

HISTORICAL FOUNDATIONS OF THE KUN PROBLEMS IN THE TRADITIONAL LEGAL SYSTEM OF KAZAKH SOCIETY

Abstract

In modern social sciences, the kun problem is recognized as a unique and cultural phenomenon of civilization and is the basis of historical legal forms. It should be noted that the customary legal system, as a form of law in the traditional nomadic Kazakh society, was used in public relations in international law.

The study of the question of kun assumes historical and cognitive significance. While studying the problem, different views were formed on the theoretical directions of customary law of traditional Kazakh society. During the writing of the article, the main directions of studying the kun of traditional legal institutions in society, which play a special role in the formation of Kazakh statehood, were analyzed.

Key words: nomadic society, legal institution, customs, kun.

Қаражан Қ.С.¹ Хасанаева Л.М.² Уразбаева А.М.³

¹*Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы, E-mail: karazhankaznu@gmail.com*

²*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы,
E-mail: leila.maralovna@gmail.com*

³*Республика Казахстан, г. Алматы, E-mail: akzhamal.m@gmail.com*

ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРОБЛЕМЫ КУНА В ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация

В современных общественных науках проблема куна в обычаях признана уникальным и культурным феноменом цивилизации как основы исторических правовых форм. Следует отметить, что обычное право, как форма права в традиционном кочевом казахском обществе использовалось в общественных отношениях в международном праве.

Исследование вопроса куна в обычном праве приобретает историческое и познавательное значение. В ходе изучения проблемы сформировались разные взгляды на теоретические направления стоимости в обычном праве традиционного казахского общества.

В ходе написания статьи были проанализированы основные направления изучения куна традиционных правовых институтов в обществе, которые играют особую роль в становлении казахской государственности.

Ключевые слова: кочевое общество, правовой институт, обычаи, кун.

Дәстүрлі қазақ құқығы қазақ халқының мемлекет және құқықтық тарихында ерекше орын алатын құбылыс. Оның бастауы қазақ халқының ертеден келе жатқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары. Бұлар бірнеше мыңдаған және жүздеген жылдар көшпелі ортада, Еуразияның ұлан-байтақ даласында сақталып, толықтырылып, XVI ғасырдан бастау алып, XVIII ғасырдың бірінші ширегінде жаңа жүйе негізінде, Тәуке ханның заңдары деген атпен белгілі болды.

Қазақ хандығы тарихының нығаюы мен ішкі тұтастығының тетіктерін қамтамасыз ету барысында Қасым ханның «Қасқа жол» атты заңдар жинағы үлкен рөл атқарды. Яғни, алдыңғы дәуірде жүзеге асқан құқықтық қатынастар қоғамның жаңа талаптарына негізделген ережелерде көрініс тапты. Осы ережелер, Есім хан тұсында өмірге келген «Ескі жол» заңнамасында да орнығып, толықтырыла түсті.

Әрине, күні бүгінге дейін осы заңдар жинағының түпнұсқасы мен дәлелдейтін жазба ескерткіштер табылмай отырғандығы белгілі. Кеңестер дәуірінде «Жеті жарғыға» феодалдық қатынастардың сарқыншағы деген сипаттама тағылып зерттелінбеді. Бізге «Жеті жарғы» негізінен орыс ғалымдары мен зерттеушілерінің жазбалары еңбектері арқылы белгілі. Алғаш рет орыс ғалымы Г.Спасский жаппас руының старшыны Күсбек Шүкіралиевтің мәліметтерінің [1] негізінде «Жеті жарғының» 11 үзіндісін 1820 - шы жылы «Сибирский вестник» басылымының бетінде жариялады. «Жеті жарғының» екінші нұсқасы (34 үзінді) А.Левшиннің зерртеулерінде беріледі. Бұл нұсқалар халық ауыз әдебиеті негізінде толықтырылады. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген заңдар жинақтары туралы деректердің болжам ретінде де болатындығын да айта кетуге болады. Дәстүрлі дала құқығының маңызы ерекше құқықтық ескерткіші «Жеті жарғы» ережелерінен, құқықтық салада кун мәселесінің маңызының жоғары болуынан, қазақ билерінің талқысындағы өзектілігімен ерекше қарастырылды. Дәстүрлі қазақ құқығының көне ескерткіштерінің, XVIII ғасырдың басында толықтырылып, қазақ әдет-ғұрып заңдарының жаңа бағытта қарастырылуы тарихи оқиғалармен тығыз байланыста болуы заңды құбылыс. Көшпелі ортаның әдеттік құқық саласындағы сан алуан кезеңдік үдерістің ең басты тұлғалары - қазақ билері болды. Олардың тәжірибесінен туындаған заңдар жинақтары құқықтық қағидаларының қолданысын ұрпаққа таралуын қамтамасыз етуде басты рөл атқарды. Бұл құқықтық ережелерде мемлекеттің ішкі және сыртқы мәселелері ескеріліп отырды.

Қазақ көшпелілерінің қоғамы Орталық Азияда қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайда, сыртқы қауіптің күшеюіне байланысты оған, жауап беруі қажет болды. Осындай тарихи жағдай мемлекет іргесін, халықтың бірлігін күшейтуге бағытталған заңдардың, құқықтық дәстүрлердің қайта жаңғыруына тікелей әсер етті. Тарихшылар мен құқықтанушылар Қазақ хандығының құқықтық жүйесін көшпелі қоғамының ішкі қауымдық тіршілігін реттеу мәселелерімен ғана байланыстырады. Көптеген рулар мен тайпалар өздерінің үйреншікті қоныстарын өзгертіп басқа жақтарға қоныс аударды және ыдырау үрдісіне ұшырады. Бұл дағдарыс әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасқа да тікелей әсер етіп қоғамдағы төре мен қараша, төре мен төленгіт, отырықшы мен көшпелі топтар мен жіктер арасындағы қатынастар да бұзылды. Бұл мәселе ғылыми әдебиетте дәстүрлі қазақ құқығын тек көшпелілердің өз ортасындағы қауымдық қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар ретінде қабылдау қалыптасып, оның мемлекеттік маңызына көңіл бөлінбеді. Шын мәнінде әдет-ғұрып құқығы ережелері тек қазақтың ру ішіндегі қауымдық қарым-қатынасын ғана емес, сонымен бірге жалпы мемлекеттік, соның ішінде қазақ сияқты негізгі мемлекет құрушы этнос пен мемлекет құрылымындағы қалалық өңірдегі тұрғындармен, көптеген әлеуметтік топтардың арасындағы дауларды, талас-тартысты, қарым-қатынастарды да реттейтін тетікке айналды.

Шоқанның көшпелі халықтың әдет-ғұрыптары мен құқықтық идеялары басым негіз тапқан еңбектерінің бірегейі «Қырғыздар туралы жазбалар» болып табылады. Аталмыш еңбегінде, патшалық Ресейдің қазақ жерін толық жаулап алуының аяқталуы мен отаршылдық езгінің күшейе түскен дәуірінде, Шоқан реформа жасауда асығыстыққа жол бермеуге, жергілікті халықтың әдет-ғұрып ерекшелігін, тіпті «оны қоршаған орта мен ауа-райын, жер жағдайын да» ескеруге шақырды. «Реформа оңтайлы жасалғанда, яғни, қоғамдық құрылым жан-жақты дами алатын мызғымас даму заңына негізделіп жасалғанда ғана ұтымды реформа болады. Мұндай реформаны ешқандай жағдайда да бөгемей, қайта оны қолдау керек». 1822 жылғы Сібір қырғыздарының жарғысын сынай отырып, Шоқан мұндай асығыс жасалған реформалар халықты опат етеді және даму жолына кедергі келтіреді деп есептеді. Отырықшы халыққа арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс «Ресейдің Еуропалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, мұндай өзгерістен ешқандай пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді», - деп жазды [2]. Шоқанның қазақ халқының бұрынғы құқықтық жүйесі мен кейінгі патшалық әкімшіліктің заң ережелеріне қатысты айтылған ойлары мен салыстырмалы пікірлері тиянақты зерттеу жүргізуді талап етеді.

XVIII ғасырдағы көшпелі қазақ қоғамының құқықтық қарым-қатынастарына ерекше назар аударғандардың бірі, Орынбор губерниялық кеңсесінде қызмет атқарған П. И. Рычков. Ол өзінің қызмет бабындағы міндеттеріне байланысты ғана емес, сонымен бірге бойына біткен ауқымды ғалымдық және саяхатшылық дарынымен өз еңбектерінде қазақ халқының тұрмысы мен тарихын көрсете алды. Оның «Орынбор тарихы» атты еңбегінде Кіші жүз қазақтарының арасында кең жүзеге асқан құқықтық қатынастар зерттелінген. Оның ойынша, дала халқының құқықтық ережелері олардың өмір талаптарына сай және тиімді [3].

Келесі бір зерттеу еңбектерінің авторы А. Левшин болып табылады. Оның «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты 1832 жылы жарық көрген еңбегінде көшпелі қоғамның ежелгі әдет-ғұрыптарымен қатар, заңдық негіздері де қарастырылған [4].

Есім ханның «Ескі жол» заңдар жинағына қатысты жекелеген зерттеулер бүгінгі таңдары қарқын алуда. Олардың негізгі бағыттары ғылыми журнал беттері мен газеттерде көрініс табады. Осы қатарда, Жағыпарұлы Жылқыбайдың «Есім ханның ескі жолы» атты мақаласын айтуға болады [5].

Халық жадында сақталған «Қасым ханның қасқа жолы» заңының «Ұлы Жасақ» заңымен байланысы ерекше. Бұл заңға енген ережелер мынандай болды: 1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері); 2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал тонау, ұрлық қылмыстарына жаза); 3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат); 4. Елшілік жоралары (шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік); 5. Жұртшылық заңы (шүлен тарату, ас, той, мереке үстіндегі ережелер міндеті). Қасым ханнан кейін «Жеті жарғыны» толықтыра түсетін жүйеленген «Есім ханның ескі жолы» заңы. Бұл заңның ерекшелігі құн төлеу мөлшері қараша-сұлтан, бай-кедей деп бөлмей барлық топ өкілдері үшін бірдей болған. Сонымен қатар «Жеті жарғыда» кездесетін өнер құны және сүйек құны осы Есім хан тұсынан бастау алады. Қазақ хандығы мемлекеттік іргетасын қалағаннан кейін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» әдеттік құқыққа негізделген хан заңдары мазмұны жағынан «Жеті жарғыда» жалғасын тапты. Мұны «Жеті жарғының» баптарын қағазға түсірген ғалым А.И.Левшиннің еңбегіндегі берілген мына үзінді нақтылай түседі: «Бұл билер ертеден келе жатқан Қасым хан мен Есім хан тұсындағы әдеттік-құқық жүйелерді «Жеті жарғы» заңына жинастырды» [4]. XIX ғасырдың өзінде бұл әдеттік-құқықтық жүйе өзінің реттеушілік мәнін жоғалтпады. Сонымен, «Жеті жарғы» - бұл әдет-ғұрып талаптарына негізделген көшпелі өркениеттің шығармашылыққа бейім тайпаларының көптеген ғасырға созылған іс-әрекетінің жемісі екеніндігін көрсетеді.

Тарихшылар мен құқықтанушылардың зерттеулер жүргізу нәтижесінде қазақ халқының әдет-ғұрып ережесі, заң нормалары туралы тұжырымдар мен мәліметтер жиналды. Солардың бірі XX ғасырдың басында өмір сүрген, бүкіл Орта жүзге аты әйгілі Сакқұлақ бидің қолжазба жинағы. Есім хан қазақтарға 1598—1628 жылдары хан болған. Ол өзінен бұрынғы Орыс хан, Қасым хан жасаған әдет-ғұрып заң нормаларын қайта қарап, өз дәуіріне ылайықты етіп түзеген. Өзінің мазмұнына қарай құн дауы, жер дауы, жесір дауы, мал дауы секілді күрделі тараулардан құралады. Ежелден-ақ қазақ қоғамындағы күрделі даулардың бірі – кісі өлімі. Кісі өлімі үшін құн алынған. Есім хан шығарған арнайы заң бойынша өлген кісіге өлтіруші жақ құн төлеуге міндетті. Ер адамның құнына жүз жылқы, алты жақсы түйе кесілген.

Ол барлық еркек үшін бай, кедей, жас, кәрі демей бәріне бірдей сол дәуірде бұл алынған негізгі құн өлшеуінен артық құнның мынадай түрі болған: 1. Өнер құны. Оған жүлде алған атақты адамның құны жатады. Жүлде алған деп, жұртқа белгілі ақындар мен топқа түсіп бәйге алған балуандар есептеледі, олардың құны үшін екі кісінің құны 200 жылқы, 12 түйе берілуі керек. 2. Сүйек құны. Оған өлген кісінің сүйегі үшін төленетін құн жатады. Мысалы өлген адамның сүйегі туған-туысқанының қолына түспей, жоқ болып кетсе, ол үшін екі адамның құнын төлеулері керек. Бұл екі түрлі құнды, үстеме құн деп атаған. Кісі өліміне құн төлеу жайлы жоғарыда айтқан ойымызды бізге келіп жеткен "Есім ханның көкаласы бір-ақ бесті" деген қағида толық дәлел бола алады. Ұры ұрлап кеткен Есім ханның көкаласы дейтін аты қанша жақсы, жүйрік жылқы болғанымен ас пен тойға қосылып бәйге алған мал емес екен. Сондықтан да ұрыдан төлеу алғанда төлеуге бір-ақ бесті кесіпті.

Осы құқықтық нормалар негізінде, жұрт көзіне түсіп, белгілі болу, болмауына байланыстылығын көреміз. Әйел адамның құны «Есім ханның ескі заңы» бойынша қалың малдың шамасы бойынша өлшенген. Өлген әйелдің тұқымының қызына алатын қалың малы қандай болса, сондай мал төлеуге тиісті, болмаса қыз орнына өлтіруші жақ қалыңсыз қыз беруі керек. Бұдан бізге белгілі болғаны, еркек адамның құнынан айырма әйел адамның құнының әртүрлі екендігі. Бұл қыз әкесінің әл-ауқатына қарай, қалың малдың мөлшеріне байланысты. Даудың тексерілуі кісі өлтірушінің ауылында өтеді. Қылмыс істеген адамды – қанды қол, құн сұрауға келген адамдарды даугер деп атайды. Дауға келген талапкерлерді ел болып күтіп алып, оларға шыққан шығынға руластары түгел ортақ болуы керек. Дауда сөйлеуге екі жақтың да белгіленген кісілері (шешендері) болады. Олар тәртіп бойынша кезекпен дауларын айтып, қағысады [6]. Соңында екі жақтан бітімші (би) кісілер белгіленіп, олар келісімге келіп, шешімдерін айтады.

Ұрланған аяқты мал үшін ұрыдан ол малдың өзі қайтарылады, өзі жоқ болып кетсе оның орнына тұрарлық құн төлеуі алынады, оның үстіне: бір қара ұрлағанның айыбына «ауыздықсыз ат, астарсыз шапан», он қараға дейін-қосымша «ат-тон» кесілген. Он қарадан жоғары ұрлаған ұрыдан – «мойнына қосақ, артына тіркеу» дейтін екі қара айып алынады. Орта жүз Момын деген атанын жүз жылқысын Найманның Ебей, Себей деген ұрылары алады. Мал иелері артынан қуып барса Найманның Көкшолақ деген биі ешкімді аяғына отырғызбайды, малын қайырмайды. Сонда қуғыншыларға ілесіп барған 12 жасар Досбол: «Қысырында бермесен, Буазында берерсің. Арығында бермесен, Семізінде берерсің. Өз алдында бермесен, өнерімді көрерсің» - деп тепсініп тұрып кетеді. Сонда Көкшолақ: «мына бала түбі құтқармас, мойнына қосақ, құйрығына тіркеу қосып құтыла көріндер» - депті.

Осындағы билік шешім Есім хан заңымен айтылғаны айдан анық. Есім хан заманы-шетелдіктермен күресте көбіне жеңісті, сәтті болып отырғанмен де аса тынымсыз, елдің тынышын кетірген ауыр заман еді.

Осындай қилы да қиын заманда сәйгүлік тұлпар, қаса жүйрік жылқы ер жігіттің жан серігі, ең жақын досы болған. Оны барлық батырлар жырларынан мысалға алуға болады. «Есім ханның ескі жолында» жұлде мен бәйге алып жүрген жұрт көзіне түскен жүйріктің кесімді құны алып жүрген бәйгесінің және жорықта келтірген пайдасының түріне қарай өлшеп-шешкен. Әрине жылқы малының жүйрігін мұнша қастерлеу Шыңғыс ханның «Ұлы Жасақ» заңында бар. Есім ханның заңында «Мал-дүние ұрлаған ұрылардың ұрлық үстінде қолға түскендеріне: киімін тонап, көлігін аударып алған, қорлықпен байлап, сабап берген ақірет-азалары жоқталмайды. Егерде ұрының денесінің бір жеріне кемістік келтірілсе, көзі шықса, қолы сынса, құлағы кесілсе, сақалы жұлынса т.б. ол кезде зәбір беруші жағы ұрыға тиісті айыбын тартатын болады» - деп айтылған. Есім ханның шығарған заңында жер-су, жайлау-қыстау, көшу-қону қоныстары туралы болып тұратын күрделі дау-жанжалдарды шешуге белгіленген заңның жол-жобалары бар.

Жер-су, жайылым, ата-қоныс мекеніне иелік ету үшін талапкерге қойылатын салт-сана заңдарының түрлі шартты сұрақтары мен қажетті белгілері көрсетілген. Олар: талапкердің ата-анасының салынған қабірі, қойылған құлпы тасы, қазылған арық, егілген егіннің атыз жаптары, құрылған шығырдың орыны, орылған қырманның ізі, соғылған бөгеттің қалдығы, қазылған құдықтың орыны, малдың қысқы көңі, қойдың күзгі түнегі, тұрғызылған қарақшы, үйілген омақа белгі, тігілген ағаш, егілген бақша, салынған там, соғылған азбар қора, салынған шеген, қазылған ошақтың орыны т.б. Есім хан дәуірінен бұрын-ақ қазақтардың қыс қыстауы, қалалары болып, егіншілікпен айналысқанын архив, қазба деректер толық дәлелдейді. Жиенбет жыраудың Есім ханға: «...Қалмақтың Бөріханы келгенде, Қаланың қасы бүлінгенде, Хандар қалаға қалған, Сұлтаннар суға салған, Қаз мойынды ханша Қалада тұрып жылаған. Тал шарбаққа мал сақтап, Тас қалаға жан сақтап...» [7] деп толғаны осы ойымызды дәлелдейді.

Жоғарыдағы аталған белгі-мұралардың қайсы бірі болса да талапкердің әкесінің, болмаса бабасының, яки туысқан-туғанының біреуінің еңбегімен істеліп, бір кездерде оның қоныстанып мекендегені анықталса, ол жерді даулап талап етуші кейінгі иеленушіден сөзсіз қайтарып алады. Ол жерден соңғы мекендеушінің алып кете алмайтын ғимарат, қора-жай, бау-бақша сатынған күрделі жайларының тұрарлық бағасы бейтарап үш кісінің кесімі бойынша істеуіліге төленген. Егер де жерді қайтарып алған иесінің даулаған кезінен кейінгі уақыттарда салынған жайлар, тігілген ағаштар, егілген бау-бақшалар болса, онда даулы жердің шатағы басылмай тұрғанын біле тұра әдейі істелген нәрсе деп табылып, жауапкердің ол еңбегіне ешнәрсе төленбейді. Есім хан заңында мұрагерлік, мирасқорлық мал мөлшері анық айтылған. Мирасқорлыққа бөлінетін мал-мүліктердің бөліну мөлшері: туған ұлдарына - екі еседен, туған қыздарына, — баласыз әйелдеріне - бір еседен, өгей балаларына - жарты еседен, есігінде еншілес болып жүрген құлы яки күңі болса — ширек еседен сыбаға тиісті. Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басы – қазақ халқының алтын ғасыр кезеңі болды. Қазақ қоғамында біртұтастық пен ынтымақ орнатуға дәнекер болған ежелгі ереже – қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-нұсқауының, салт-дәстүрінің жүйелі жиынтығы – атақты «Жеті жарғы» болды. «Жеті жарғы» - дәстүрлі қазақ қоғамының сол уақыттағы тұрмыс-тірлігін, қоғамдық, әлеуметтік жағдайын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасын қалдырды. «Қасқа жол» мен «Ескі жол» заңдарын толықтырып, елеулі өзгерістер енгізіп, дамытқан Тәуке хан бұрынғы бес тарауға тағы да екі тарау қосып, «Жеті жарғы» деп атауға пәрмен берді. Бұл жаңадан қосылған екі тарау: жер дауы туралы заң мен құн дауы туралы заң еді. «Жеті жарғыны» қазақ халқы негізінде XIX ғасырдың ортасына дейін қолданылып келді. Ал кейбір нормалары Қазан төңкерісіне дейін толығынан қолданылып, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін тиімді атқарып келді. Қазақ хандығы дәуірі XVI-XVIII ғасырларда, яғни, қасқа жолды Қасым хан, ескі жолды Есім хан, Жеті жарғыны шығарған Тәуке хан тұсында басқару жүйесі хандық билікке негізделген, саяси жағынан орталықтанған, бірұтас, құқықтық мемлекет болды. Осы кезеңде қазақ хандығының көрші орналасқан мемлекеттермен байланыста болып, олармен сауда, саяси мәселелерін шешу заң жүйесі арқылы анықталды. Қазақ хандарының негізгі заңдары қазақ хандығын осы кезде мемлекет ретінде танытып қана қоймай, оның саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына ықпал етті. «Жеті жарғы» орыс деректерінде «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі.

Жеті жарғы – жеті әдеттік құқықтық жүйеден тұратын қоғамдық қатынастарды реттейтін салалардың жиынтығы. Олар – жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бұл салт-дәстүрлер, «Жеті жарғының» баптарында барынша көрініс тапқандығын атап өту керек. Қазақ құқығында өлім жазасы, денеге зақым келтіру түрлері, түрмелер мен зындандар, бас бостандығынан айыру қылмыстық жазалар кең тараған жоқ. Барлық даулар және қылмыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды. Олар үшін мүліктік, мүліктік емес, ұялатын, масқаралайтын, бітімгершілік жазалау нысандары қолданылды. «Жеті жарғыда» басты көтерілген мәселе, бұл кек алу және құн даулауға қатысты. «Жеті жарғының» баптарында «қылмыс» деген ұғым ешқандай мазмұнда түсіндіріліп, көрсетілмейді. Мұнда қылмыскерді «күнәһар» деп атаған. Қандай дамыған қоғам болсын, қылмысты мүлдем жою мүмкін емес. Бірақ ұтымды шешімдер арқылы оған тосқауыл қоюға болады. «Жеті жарғы» бойынша бірінші орында кек алу: «қанға – қан, жанға – жан» принципі сақталды. Кейбір жағдайларда кісі өлтіргендігі үшін кесілетін өлім жазасын билер кеңесінің шешімімен құн төлеуге ауыстыру құқы берілді. Бұл осы заңның тарихи прогрестік маңызын айқындайтын бап болды. Құн қылмыстының өз басына, болмаса ру мүшелеріне салынады.

Кек алу принципі мемлекеттің тұтастығын сақтауда кері әсер тигізгені белгілі. Оны Л.Ф.Баллюзектің еңбегіндегі мына үзінді айқындай түседі: «Қазақтардың алғашқы тарихи естеліктерінде кек алуға қатысты қанды

соғыстардың ғасырларға созылғандығын, соңынан ұрпақтық кек алудың бүкіл ру қауымына келетін зиянын түсіне бастады» [8]. «Қанға – қан, жанға – жан» принципі көне грек қоғамында, түркілерде және арабтарда кең тарады. Бірақ көшпелілер қоғамында ислам дінінің таралуы және шарияттың кеңінен қолданылуы кек алу принципінен құн төлеуге өту үдерісін жылдамдатты.

Сондықтан «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заң жолдарында құн туралы айтылғанымен, Тәукедің тұсындағыдай кісі өлімі, кек алу жағдайлары бүкіл қоғамды күйзеліске ұшыратқан кек алудың нақты құнмен ауыстырылғаны анық көрсетілмеген еді. Қазақ халқының құқықтық институтының қалыптасуына толығырақ тоқталып өтелік. Қылмыстық әрекеттерді жазалау ретінде барлық халықтың құқық жүйесі кек алу және құн төлеу арқылы өтті. Ертедегі халықтың заң ескерткіштері құн төлеу арқылы жазалау, кек алу принципінің орнын басып, әр түрлі қылмыс түріне қарай бекіткенін көруге болады. Қазіргі зерттеушілерді қазақ қоғамындағы «құн» ұғымының қалыптасуы мен оның кек алу жүйесі қандай жағдайда өтті деген мәселе қызықтырады.

Құн төлеу – сатылы институт, ол әр түрлі халықтардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық даму барысында пайда болып отырды. «Құнның» алғашқы пайда болуы мен кек алу принципін тежеу оның субъективті жағдайларына байланысты болды. Кек алудың қолайсыздығы «құнның» қалыптасуына итермеледі. А.И.Левшин «құнның» енуіне орай, енді кісі өлтірген адам жаза ретінде сол адамның руына мал-мүлік беру арқылы босатылатындығын негіздейді.

Қазақтардағы құнға байланысты мәліметтерді И.Г.Георг, Н.Рычковтың еңбектерінен кездестіруге болады. И.Г. Георг бойынша: «Кімде-кім ерді өлтірген болса ол өлім жазасына кесіледі немесе өз өмірін жасаған қылмысы үшін құн төлеу арқылы құтқара алады. Ол өлген адамның туыстарына 100 жылқы, екі түйе, бір еріксіз (құл) беруі тиіс. Бір жылқының орнына бес қой алынуы да мүмкін. Әйелді, баланы, құлды өлтіргені үшін ердің жарты құнын төлейді. Адам денесіне жарақат салғаны үшін де құн төлейді. Бас бармақ - 100 қой, кішкене саусақ - 20 қой. 1771 жылы Н.Рычков құн туралы мынандай мағлұматтар береді: «Адам өлтірген кісі қылмысы үшін құн төледі. Құн түрі жүз жылқы, бір тұтқын құлдан, екі түйеден, қара түлкінің терісі, шұғадан тігілген бешпет, бүркіт немесе қаршыға және ескер салт-саймандарынан тұрды [8].

Мұның барлығының өлген кісінің ең жақын мұрагеріне табыс етілуі, осы әдетке сай туыстары ешқандай қарсылық көрсетпеуі тиіс. Барлығы осы әдетке бағынады. Бұл тәртіп қазақтарда құн деп аталады». Кісінің денесіне жарақат салынуы нәтижесінде ол еңбекке жарамсыз болып қалса, ол да өлім жазасымен теңестіріледі. Ұрлыққа қарсы заң қазақтарда «айбана» деп аталады. Қой немесе жылқы ұрланған кезде ұсталса, ол шешім бойынша 27 қой немесе жылқы төлеуге міндетті.

Кейбір құқықтану және тарих ғылымының зерттеушілері құнның қалыптасуын ислам дінінің енуімен байланыстырады. Рас, қазақтың әдет-ғұрып нормаларына шарияттың әсері болғаны сөзсіз. Бірақ «құн» ұғымын, оның принциптерінің қалыптасуын алғашында «құнның» пайда болуына өзіндік әсерін тигізген қазақ қоғамындағы рулар арасындағы үнемі болып отырған жауластық жағдайларды тоқтатуға жасалған әрекеттің нәтижесі деуге болады. Әйтсе де «Жеті жарғыда» көрсетілген «құнның» мөлшері, XIX ғасырдағы барлық орыс жазбаларында көрсетілген «құн» деген сөздің ұғымы парсы тілінде «Қан, қан төгу» деген мағынаны білдіреді. Ал түрік, татар тілінде бұл «қан құны» деген ұғымда қолданылған. Қазақтың өз тілінде «құн» негізінен белгілі бір нәрсенің жалпы мөлшері мағынасында қолданылды. «Құн» мөлшеріне байланысты А.И. Левшин: «Өлген ер адам үшін 1000 қой, әйел үшін 500 қой беруі керек. 100 түйе - 200 жылқыға немесе 1000 қойға тең» деп көрсетсе, Көбек Шүкірәлиев: өлтіргені үшін 200 жылқы төлеуі тиіс делінген [4].

Дәстүрлі қазақ құқығының көрнекті ескерткіші «Жеті жарғының» көрсетілген кезеңі, яғни XVIII ғасырдың басында толықтырылып, қазақ әдет-ғұрып заңдарының жаңадан өңделуі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты, заңды құбылыс. Қазақ көшпелілерінің қоғамы Орталық Азияда қалыптасқан ауыр саяси-әлеуметтік жағдайда, сыртқы қауіптің күшеюіне қайткен күнде де жауап беруі қажет болды.

Осындай объективті тарихи жағдай мемлекет іргесін, халықтың бірлігін күшейтуге бағытталған заңдар, құқықтық дәстүрлердің қайта жаңғыруына тікелей әсер етті. Құқықтанушылар мен тарихшылар қазақтың әдет-ғұрып құқығы жүйесін тек қазақ қоғамының ішкі қауымдық тіршілігін реттеу мәселелерімен ғана байланыстырады. Мәселенің осындай деңгейде көтерілуі белгілі дәрежеде құқықтық институттарға ретроспекциялық тұрғыдан қараудың тікелей жемісі. Көптеген рулар мен тайпалар өздерінің үйреншікті қоныстарын өзгертіп басқа жақтарға қоныс аударды және ыдырау үрдісіне ұшырады.

Көп жағдайда олар ру арасындағы араздықтарды шешетін, татуластыратын істерді шешкен деп көрсетіледі. В.В. Бартольдтің анықтамасы бойынша, «ақсақалдар» дегеніміз - «іс жүзінде белгілі бір заңдық өкіметтілігі жоқ, жасына, байлығына және бұрын сіңірген еңбегіне қарай құрметке бөленген ақсақалдар» [9]. Ақсақал әлеуметтік категорияны жасына қарай белгіленген әлеуметтік топ болғандығына тоқталған жөн. Біз қазақ қоғамын әлеуметтік санаттарға бөлуде адамның өмірінің жас мөлшеріне қарай оларға нақты міндеттер мен құқықтар берілетіне баса назар аударғымыз келеді.

Егер мәселені тарихи-құқықтық қырынан терең зерделейтін болсақ дәстүрлі қазақ құқығының ескерткіші «Жеті жарғы» қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениетінің алтын қорынан сақталған ескерткіш. Бұл құқықтық құжатқа байланысты ауызша және жазба деректерді қарастырып, терең талдай отырып, оның мемлекет пен қоғамның тіршілігін үйлестіретін, нақты дауларды шешуге бағытталған негізгі заң қағидаларының жинағы екенін көреміз. Әрине, ол ең алдымен ұлттық танымның айшықты айнасы, халық рухының қамқоры, ұлттық мүдденің жаршысы, дегенмен оның басты мәні дәстүрлі қоғамдық-құқықтық саладағы дауларды реттеу қабілетінде. Әлемде мыңдаған этностар бар болса, солардың барлығының да арман мүддесі

мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздік. Мемлекеттік және ұлттық дербестік идеясы әдет-ғұрып құқығы жүйесінің ел құрметіне бөленіп, шежіреші ақсақалдарының жадына берік жазылуына себепкер болған жағдайлар осы.

Ең алдымен бұл мәселені шешпей мемлекеттік қызметте тазалық, әділеттілік, тек халық игілігіне еңбек ету сияқты талаптарды іс жүзіне асыру мүмкін емес екені тарихтың дамуымен нақты дәлелденген көрініс» деп жазады белгілі заңгер-ғалым С.Өзбекұлы[10]. Қай тұрғыдан алып қарасақ та дәстүрлі қазақ құқығы жүйесі атымен танымал көшпелі қазақ өркениеті туғызған идеялар, асыл сөздер, дауларды шешудегі жалпы құқықтық өмір философиясы тәуелсіз Қазақстан үшін өзінің мән-мағынасын жойған жоқ.

Мұны Тәуке хан тұсындағы құн төлеу арқылы қарастырылатын дау-жанжалдың бітімі туралы халық арасында сақталған мағлұматтар арқылы білуге болады: 1. Ер құны – жүз жылқы, не оның баламасы, әйел құны мұның жары-мы. 2. Ер құны жолаушы, жортушы деп екіге бөлінеді. 3. Құл құны бір ат, не оның баламасы, құн құны оның жары-мы (ит құны да, құл-күң құнымен бірдей болады). 4. Мұнда қалың мал түрлері берілген: 47,37,27,17 ат; аттың бота-дан басқа да баламасы болады, ал ат ботамен есептегенде 5 дөнежін, құнан- құнажын тұяғы 20 болады. «Құн» түрлері Ералы қолжазбасында да кездеседі. I. Ер құны – 100 жылқы, 6 жақсы түйеден тұрды; әйел құны қалың мал мөлше-рімен теңестірілді. II. Өнер құны – бұл ауыл, жыраулар үшін төленген құн. III. Сүйек құны – өлген адамның сүйегі үшін төленетін құнның түрі. «Жеті жарғы» бойынша құн төлеу, егер адамның денесіне жарақат салынса, мысалы, А.И.Левшиннің мәліметінше, үлкен саусақ – 100 қой, шынашақ – 20 қой, сол сияқты белгіленген мал мөлшері төле-ніп отырды[4]. «Құн» институтының Тәуке хан тұсында кең қолданыста болуы қазақ даласындағы әр ру мүшесінің құқығын қорғау қажеттігінен туындады. Қазақтардың құқығында жауапкершілік пен жаза түрлері аса бай, әрі көп түрлі болды.

Қазақ хандығы дәуірінде жүзеге асқан заңдық жүйелер, кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліктің қайнар көзі де, рухани құндылық та болды. Аталмыш құқық ережелері өздерінің мазмұны бойынша қамтылған мәселелер аясынан кең қызметтерді атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Е. Жолбағазев. Керейден Кенесарыға дейін, немесе Қазақ хандығының құрылуы, отарлануы және жойылуы хақында //Парасат. — 2007. — № 7. — 27–29-б.*
2. *Шоқан Уәлиханов. Сот реформасы туралы жазба. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 т. – А., 2010. – 311б.*
3. *Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. (1171-1867). – Алматы: Наука, 1964. – 573с.*
4. *Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996. – 254 с.*
5. *Ж. Жылқыбай. Есім ханның ескі жолы // Егемен Қазақстан. 9.02.2015ж.*
6. *Зиманов С.З. «Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» // Қазақтың Ата заңдары. 10томдық. III том. – Алматы, 2004. – 616 б.*
7. *Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. Бірінші том. Алматы, 1989. – 213 б.*
8. *Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы, 1996.*
9. *Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии // Соч. Т.5. М., 1968.*
10. *Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: «Білім», 2004. – 128 б.*
11. *Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 т. – А., 2010. – 311б.*